

Каппасова Сандуғаш Елтайқызы* – педагогика ғылымдарының магистрі, докторант, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан Республикасы, 050010, Алматы қ., Достық даңғ. 13, тел.: 87052179496, e-mail: eldisan@mail.ru.

Мұсабеков Рашид Қабдукалымұлы – жаратылыстану ғылымдарының магистрі, оқытушы-дәріскер, Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің математика, физика және информатика кафедрасының академиялық доценті, Қазақстан Республикасы, 020000, Көкшетау қ, Урицкий көш. 212, тел.: +77056588023, e-mail: rashid1956@bk.ru.

Абдиркенова Акбидаш Капановна – PhD докторы, педагогика, психология және арнайы білім беру кафедрасының қауымдастырылған профессорының м.а., Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қазақстан Республикасы, 110000, Қостанай қ., тел.: 87052269479, e-mail: Akbidashabdirkenova@mail.ru.

Abylkassymova Alma Yessimbekovna – Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the Center for the Development of Pedagogical Education, Head of the Department of mathematics, physics and computer science, Abai Kazakh National Pedagogical University, Republic of Kazakhstan, 050010, Almaty, 13 Dostyk Ave., tel.: 87013228864, e-mail: aabylkassymova@mail.ru.

Kappassova Sandugash Yeltayevna* – Doctoral student of the Abai Kazakh National Pedagogical University, Faculty of mathematics, physics and computer science, Master of Pedagogical Sciences, Republic of Kazakhstan, 050010, Almaty, 13 Dostyk Ave., tel.: 87052179496, e-mail: eldisan@mail.ru.

Mussaibekov Rashid Kabdulkalimovich – Senior Lecturer of the Department of physics, mathematics and computer science, Lecturer, academic Associate professor, Master of Natural Sciences, Republic of Kazakhstan, 020000, Kokshetau, 212 Uritskiy Str., tel.: +77056588023, e-mail: rashid1956@bk.ru.

Abdirkenova Akbidash Kapanovna – PhD, acting Associate Professor of the Department of pedagogy, psychology and special education, Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University, Republic of Kazakhstan, 110000, Kostanay, tel.: 8-705-226-94-79, e-mail: Akbidashabdirkenova@mail.ru.

FTAMP 14.35.07

ӨОЖ 378.14.015.62

https://doi.org/10.52269/22266070_2024_3_217

БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ЛИНГВОМӨДЕНИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН ДАМЫТУДА ҮЙДЕГІ ИНТЕРНАЦИОНАЛДАНДЫРУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТӘЖІРИБЕСІ

Каримова Б.С. – филология ғылымдарының кандидаты, Басқарма Төрағасы – Ректор, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қ, Қазақстан Республикасы.

Абдрашева Д.М. – PhD докторы, Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер бойынша проректор, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қ, Қазақстан Республикасы.

Макашева А.П.* – педагогика ғылымдарының кандидаты, «Шетел тілдері және аударма» кафедрасының аға оқытушысы, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қ, Қазақстан Республикасы.

Нурланбекова Е.К. – педагогика ғылымдарының кандидаты, «Шетел тілдері және аударма» кафедрасының аға оқытушысы, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қ., Қазақстан Республикасы.

Бұл мақалада үйдегі интернационалдандыру арқылы білім алушылардың лингвомәдени құзыреттіліктерін дамыту қарастырылады. Үйдегі интернационалдандыру ұғымы жан-жақты талданып, оның жоғары оқу орындарында жүзеге асырылуы мен тиімділігі зерттеледі. Сонымен қатар, үйдегі интернационалдандыруды жүзеге асыру кезіндегі кедергілер мен қиындықтарды анықтауға бағытталған.

Зерттеуге Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің 30 білім алушысы және Набережные Челны мемлекеттік педагогикалық университетінің 30 білім алушысы қатысты. Зерттеу мақсатына қол жеткізу үшін сандық және сапалық әдіс қолданылды. Сандық өлшеу арқылы білім алушылардың тіл дағдылары айқындалды. Сұхбат алу барысында қатысушылар өздерінің тәжірибелерімен бөлісті, үйдегі интернационалдандыру бағдарламасының тиімділігі анықталды. Сонымен қатар, зерттеу нәтижелері үйдегі интернационалдандыруды сәтті жүзеге асыру үшін институционалдық қолдаудың, ресурстардың және оқытушылардың біліктіліктерін арттырудың маңыздылығын көрсетеді, бұл анықталған кедергілер мен қиындықтардан көрінеді.

Қатысушылардың ұсыныстары осы саладағы тәжірибелерін жетілдіруге ұмтылатын жоғары оқу орындары үшін пайдалы нұсқаулық бола алады. Лингвомәдени құзыреттілікті дамытуда

бірлескен онлайн сабақтардың оң әсері үйдегі интернационалдандыруды тиімді педагогикалық тәсіл ретінде әлеуетін көрсетеді. Жоғары оқу орындары білім алушыларының мәдени және ағылшын тілі деңгейлерін арттыру үшін осындай бағдарламаларды оқу жоспарына енгізе алады.

Түйінді сөздер: үйдегі интернационалдандыру, лингвомәдени құзыреттілік, жоғары білім беруді интернационалдандыру, шетел тілін оқыту, бірлескен онлайн сабақ.

ОПЫТ РЕАЛИЗАЦИИ ИНТЕРНАЦИОНАЛИЗАЦИИ ДОМА В РАЗВИТИИ ЛИНГВОКУЛЬТУРНЫХ КОМПЕТЕНЦИЙ СТУДЕНТОВ

Каримова Б.С. – кандидат филологических наук, Председатель Правления – Ректор, Кызылординский университет имени Коркыт Ата, г. Кызылорда, Республика Казахстан.

Абдрашева Д.М. – доктор PhD, член правления – проректор по академическим вопросам, Кызылординский университет имени Коркыт Ата, г. Кызылорда, Республика Казахстан.

Макашева А.П. – кандидат педагогических наук, старший преподаватель кафедры «Иностранные языки и перевод», Кызылординский университет имени Коркыт Ата, г. Кызылорда, Республика Казахстан.*

Нурланбекова Е.К. – кандидат педагогических наук, старший преподаватель кафедры «Иностранные языки и перевод», Кызылординский университет имени Коркыт Ата, г. Кызылорда, Республика Казахстан.

В данной статье рассматривается развитие лингвокультурных компетенций студентов посредством интернационализации дома. Всесторонне анализируется концепция интернационализации дома, изучаются ее реализация и эффективность в высших учебных заведениях. Кроме того, он направлен на выявление препятствий и трудностей во время реализации интернационализации дома.

В исследовании приняли участие 30 студентов Кызылординского университета имени Коркыт Ата и 30 студентов Набережночелнинского государственного педагогического университета. Для достижения цели исследования были использованы количественный и качественный методы. Языковые навыки студентов определялись количественным измерением. В ходе интервью участники поделились своим опытом, была определена эффективность программы интернационализации дома. Кроме того, результаты исследования подчеркивают важность институциональной поддержки, ресурсов и подготовки учителей для успешной реализации интернационализации дома, что отражено в выявленных трудностях и препятствиях.

Предложения участников могут стать полезным руководством для высших учебных заведений, стремящихся улучшить свою практику в этой области. Положительное влияние совместных онлайн-занятий на развитие лингвокультурной компетенции показывает потенциал интернационализации дома как эффективного педагогического подхода. Высшие учебные заведения могут включать такие программы в свою учебную программу, чтобы улучшить культурный и языковой уровень английского языка своих студентов.

Ключевые слова: интернационализация дома, лингвокультурная компетентность, интернационализация высшего образования, преподавание иностранного языка, совместное онлайн занятие.

THE EXPERIENCE OF IMPLEMENTING INTERNATIONALIZATION AT HOME IN THE DEVELOPMENT OF STUDENTS' LINGUOCULTURAL COMPETENCIES

Karimova B.S. – Candidate of Philological Sciences, Chairman of the Board – President of the Korkyt Ata Kyzylorda University, Republic of Kazakhstan.

Abdrasheva D.M. – PhD, Board member, Vice-Rector for Academic Affairs of the Korkyt Ata Kyzylorda University, Republic of Kazakhstan.

Makasheva A.P. – Candidate of Pedagogical Sciences, Senior Lecturer of the Foreign languages and translation department, Korkyt Ata Kyzylorda University, Republic of Kazakhstan.*

Nurlanbekova Y.K. – Candidate of Pedagogical Sciences, Senior Lecturer of the Foreign languages and translation department, Korkyt Ata Kyzylorda University, Republic of Kazakhstan.

This article deals with the development of students' linguocultural competencies through internationalization at home. The concept of internationalization at home is comprehensively analyzed, and its implementation and effectiveness in higher educational institutions are studied. In addition, the obstacles and difficulties in the implementation of internationalization at home are identified.

30 students of the Korkyt Ata Kyzylorda University and 30 students of the Naberezhnye Chelny State Pedagogical University participated in the research. Quantitative and qualitative methods were used to achieve the research objectives. Students' language skills were measured quantitatively. During the

interview, the participants shared their experiences, the effectiveness of the internationalization program at home was determined. Moreover, the research findings highlight the importance of institutional support, resources and educator training for the successful implementation of internationalization at home, as reflected in the identified obstacles and challenges.

The participants' suggestions provide valuable guidance for higher education institutions seeking to improve their practices in this field. The positive effect of collaborative online classes on the development of linguocultural competencies shows the potential of internationalization at home as an effective pedagogical approach. Higher education institutions can integrate such programs into their curriculum to improve the language and cultural proficiency of their students.

Key words: *internationalization at home, linguocultural competence, internationalization of higher education, foreign language teaching, collaborative online lesson.*

Кіріспе

Қазіргі жаһандану кезеңінде жоғары оқу орындарының бәсекеге қабілетті болуы және білім алушыларға жан-жақты білім беру тәжірибесін ұсынуы үшін жоғары білім беруді интернационалдандырудың маңыздылығы артып келеді. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі қазақстандық жоғары оқу орындарында оқыту сапасын арттыру бойынша қарқынды жұмыс атқаруда. Бәсекеге қабілетті болуға мүмкіндік беретін білім мен дағдыларды қалыптастыру үшін оқу жоспарлары мен бағдарламаларының мазмұнын қайта қарауды, оларды интернационалдандыруды міндеттеп отыр.

Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында шетелде оқуға мүмкіндігі жоқ білім алушылардың шетелдік жоғары білімге қолжетімділігін кеңейту, интернационалдандыру тұрғысынан қазақстандық жоғары білім беру жүйесінде шетелдік білім алушылардың, оқытушылардың үлесін ұлғайту міндеттері атап көрсетілген [1]. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі жоғары білім беруді интернационалдандыру стратегиясында: «Үйде интернационалдандыру» академиялық жобасына бастама білдіру, қазақстандық және шетелдік білім алушылардың өз елінде бірлескен білім беру бағдарламалары бойынша оқу мүмкіндігін қарастыру көзделген [2].

Интернационалдандыру концепция және стратегиялық бағдарлама ретінде салыстырмалы түрде жаңа, бірақ саяси, экономикалық, әлеуметтік-мәдени және академиялық факторлардың динамикалық үйлесімімен негізделген және көптеген тараптардың мүдделеріне әсер ететін кең және алуан түрлі құбылыс. Дж.Найттың пікірінше интернационалдандырудың екі негізгі бағыты бар: «үйдегі интернационалдандыру және шетелде интернационалдандыру» [3, 78 б.].

Интернационалдандыру саласындағы ең көп қолданылатын қызмет түрі – ұтқырлықты, сондай-ақ "шетелде интернационалдандыру" деп атайды. "Үйдегі интернационалдандыру" ұғымына оқу жоспарын интернационалдандыру және білім алушылардың жаһандық кәсіби және азаматтық құзыреттіліктерінің дамуын жатқызып, интернационалдандырудың негізгі құрамдас басқа бөлігі ретінде қарастырады [4, 121 б.]. Профессор Ганс де Вит үйдегі интернационалдандыруды оқу жоспарымен көбірек жұмыс жасау және халықаралық түсіністік пен мәдениетаралық құзыреттілікті дамытуға, сондай-ақ виртуалды ұтқырлықты ілгерілету үшін технологияны қолдануға бағытталған іс-шаралар деп атап көрсетеді [5, 45 б.]. Үйдегі интернационалдандыру – білім алушыларға халықаралық дағдыларды шет елге шығуды қажет етпестен қамтамасыз етуге бағытталған тұжырымдама. Үйдегі интернационалдандыру негізінде басқа елдің мәдениетімен танысуға, шет тілін білу деңгейін арттыруға, жоғары оқу орындары мен жекелеген профессор-оқытушылар арасындағы халықаралық ынтымақтастық орнатуға үлкен мүмкіндік туады. Үйдегі интернационалдандыру тұжырымдамалары аясында ғалымдар оның жоғары білім берудегі жаңа бағыт және мәдениетаралық тәжірибені қалыптастырудың тиімді құралы ретінде маңыздылығын атап өтті. Мысалы, Х. Тикенс үйдегі интернационалдандыруды халықаралық бағыттағы оқу жоспарларына негізделген және білім алушылардың аз бөлігіне арналған дәстүрлі ұтқырлықты пайдаланудың орнына бүкіл академиялық қауымдастықты интернационалдандыру үшін жоғары оқу орындары қолданатын стратегиялардың біріне айналғанына баса назар аударады. Сонымен қатар, үйдегі интернационалдандыру білім алушылардың мәдениетаралық құзыреттіліктерін дамыта отырып, мультикультурализмді түсінуге дайындайды деп тұжырымдады [6, 3 б.]. Ал Н. Харрисон үйдегі интернационалдандыруды «ұтқырлықпен шетелге шықпайтын білім алушыларға мүмкіндіктер ұсынуға арналған іс-шаралар, атап айтқанда білім алушылардың әртүрлі көзқарастарды түсіну, мәдениетаралық өзара әрекеттесу және сыни тұрғыдан ойлау дағдыларын жетілдіру» деп пайымдады [7, 18 б.]. А. Джеменс: «Үйдегі интернационализация шет тілін үйренушілер үшін тілдік дағдыларын дамытуда құнды. Толық лингвистикалық енуді қамтитын ортадағы алмасу әрқашан өте пайдалы болатыны сөзсіз» [8, 46 б.].

Осылайша, жоғарыда аталған барлық дәлелдер үйдегі интернационалдандыру идеясын ілгерілетудің пайдалылығын дәлелдейді. Үйдегі интернационалдандыру білім алушылардың лингво-мәдени құзыреттіліктерін дамытудың тиімді құралы және жергілікті білім алушыларға халықаралық оқу тәжірибесін ұсына алатын балама стратегия болып табылады.

Тіл – интернационалдандырумен тығыз байланысты. Дж. Найт: «шет тілін оқыту үйдегі интернационалдандырудың ажырамас бөлігі» – деп ерекше атап өткен [9, 73 б.]. Шет тілін үйрену және цифрлық оқыту мүмкіндігін пайдалану арқылы виртуалды ұтқырлық негізінде басқа мәдениеттің профессор-оқытушылар құрамы мен білім алушылары өзара байланысуды жақсартып отырып, лингвомәдени құзыреттіліктің дамуына ықпал етеді. Оқу бағдарламасында білім алушыларға жалпы кәсіби құзыреттіліктермен қатар лингвомәдени құзыреттілікті қалыптастыру керек.

Лингвомәдени құзыреттілік – бұл білім алушылардың ұлттық бояуды сақтай отырып сөйлеу және тілдік бірліктерді, олардың қолданылу ерекшеліктерін білуі, мәдени-тарихи, ұлттық мәліметтерді тілдік коммуникацияда өз орнымен пайдалана алу дағдысы, біліктілігі. Құзыреттілікті дамыту – білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін аша отырып, ойлау жүйесінің, интеллектісінің өсуіне, өзінің осал тұстарын білуге, сол арқылы іздене түсуге бағыттап, нәтижесінде жоғары біліктілік деңгейіне жету [10, 266 б.]. Шет тілін оқыту үдерісінде көркем мәтіндерді енгізу лингвомәдени құзыреттіліктің дамуын және тіл мен мәдениетті оқытудағы байланысты қамтамасыз етеді. Зерттелетін тілдің елі мен мәдениеті туралы қажетті білімді игеру жоғары білімді мамандарды даярлау үшін қажет.

Бұл мақалада үйдегі интернационалдандыру бағдарламасының тиімділігі, сондай-ақ білім алушылардың жергілікті оқыту ортасында кездесетін кедергілері мен қиыншылықтары талданады. Үйдегі интернационалдандыруға арналған зерттеулердің басым бөлігі білім алушылардың мәдениетаралық құзыреттілігін арттыруға арналғанын [11-13], ал үйдегі интернационалдандыру негізінде білім алушылардың лингвомәдени құзыреттілігін дамытудың тиімділігін зерттеген ғылыми жұмыстардың жеткіліксіз екендігін көреміз [14, 8].

Бұл зерттеу жұмысы білім алушылардың лингвомәдени құзыреттілігін дамытудағы үйдегі интернационалдандырудың тиімділігін бағалауға, сондай-ақ Қазақстан мен Ресейдің шетел тілі: екі шетел тілі білім беру бағдарламасы бойынша оқитын білім алушылардың үйдегі интернационалдандыру негізінде оқу тәжірибесін зерттеуге бағытталған.

Зерттеу мақсаттары:

- "үйдегі интернационалдандыру" және "лингвомәдени құзыреттілік" ұғымдарын айқындау;
- білім алушылардың лингвомәдени құзыреттілігін дамытуда үйдегі интернационалдандырудың тиімділігін бағалау;
- үйдегі интернационалдандыруды жүзеге асырудағы кедергілер мен қиындықтарды анықтау;
- жоғары оқу орындарында үйдегі интернационалдандыруды жүзеге асыруды жақсарту бойынша ұсыныстар беру.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Үйдегі интернационалдандырудың білім алушыларға лингвистикалық және мәдени құзыреттіліктерін қалыптастырудағы тиімділігін бағалау мақсатында біз екі зерттеу әдісін қолдандық. Сандық өлшеу арқылы білім алушылардың тіл дағдыларын анықтау мақсатында курстың басында және соңында тест алынды, сауалнама нәтижелері (pre-test және post-test) салыстырылды. Білім алушылардың лингвомәдени құзыреттіліктерін қалыптастыруда үйдегі интернационалдандыру бағдарламасының әсері, олардың ой-пікірлерін, тұжырымдарын білу үшін интервью жүргізіліп, сапалық әдіс қолданылды. Білім алушылардың тіл дағдыларын анықтайтын тесттің орташа баллдары 1 кестеде көрсетілген (pre-test және post-test).

1 кесте – Білім алушылардың тіл дағдыларының тест нәтижелері

	Оқылым	Тыңдалым	Жазылым	Айтылым
1-тест	82	63	75	68
2-тест	91	75	83	79
	+9	+12	+8	+11

Тест нәтижесінен білім алушылардың төрт дағдыларының да жақсарғанын көреміз, әсіресе тыңдалым және айтылым дағдылары едәуір артқан. Бұл білім алушылардың шетелдік құрдастарымен аудиторияда және аудиториядан тыс зум арқылы және VK платформасында белсенді араласып, сенімділіктері артып, үздіксіз онлайн тығыз қарым-қатынас орнатуында. Сонымен қатар, білім алушыларға тапсырма ретінде эссе жазуға және мәдени құзыреттіліктерді дамытуға арналған тақырыптар алдын-ала беріліп, өз бетінше дайындықты талап етілгендіктен оқылым және жазылым дағдыларының да артқанын да байқай аламыз.

Сонымен қатар, ғылыми мақалада деректерді жинаудың сапалық әдісі қолданылды. Ашық сұрақтарға негізделген, жартылай құрылымдық интервью жүргізілді, оған Қорқыт Ата Атындағы Қызылорда университетінің 30 білім алушысы және Набережные Челны Мемлекеттік Педагогикалық университетінің (Татарстан) 30 білім алушысы қатысты. Бұл қатысушыларға үйдегі интернационалдандыру арқылы білім алушылардың лингвомәдени құзыреттіліктері туралы өз көзқарастарын

білдіруге мүмкіндік берді. Екі университеттің де қатысушылары «Шетел тілдері: екі шетел тілі» білім беру бағдарламасының үшінші курс білім алушылары болды. Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің білім алушыларының ана тілі – қазақ тілі, Набережные Челны мемлекеттік педагогикалық университетінің білім алушыларының ана тілі – татар және орыс тілдері. Ағылшын тілі – екі топ қатысушыларына да бірінші шет тілі; Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің білім алушылары үшін екінші шетел тілі – корей тілі, ал Набережные Челны мемлекеттік педагогикалық университетінің білім алушылары үшін екінші шетел тілі – неміс тілі. Қатысушылардың жасы – 19-21 жас және олардың шет тілін меңгеру деңгейі тілдерге арналған жалпы еуропалық анықтамалық жүйеге (CEFR) сәйкес шамамен B1/B2 болды.

Екі жоғары оқу орындары арасындағы байланыс Zoom платформасы арқылы жүргізілді. Сабақ алдында екі университеттің оқытушылары Zoom арқылы тақырыптарды, оқу бағдарламасын және сабақ барысын талқылау үшін бірнеше конференциялар өткізіп, курсты мұқият жоспарлады. Сабақтар екі аптаға созылды, оқытушылар білім алушылармен бірлесіп жұмыс жасап, 15 білім алушыдан тұратын 4 топ құрды. Сабақтар білім алушылардың тілдік және мәдени құзыреттіліктерін арттыруға арналған тапсырмаларды қамтыды. «Жастардың қызығушылықтары», «Менің елім», «Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр», «Әдет-ғұрып пен ырым-тыйымдар», «Көрікті жерлер», «Атақты тұлғалар» сынды әртүрлі тақырыптар енгізілді. Білім алушыларға нақты тақырыптар бөлініп, өздерінің мәдениеттері мен үлкендерді сыйлау туралы ақпараттарымен бөлісті. Әр презентациядан кейін екі елдің білім алушылары бір-бірлеріне сұрақтар қою арқылы ақпарат алмасуға, тілдік құзыреттілікті дамытуға ықпал етті. Жазбаша тапсырмалар үй тапсырмасы ретінде берілді, оны білім алушылар Google Classroom платформасына жүктеп салды. Бұл барлық білім алушыларға бір-бірлерінің жұмысына пікір білдіруге мүмкіндік берді. Сонымен қатар, білім алушылар VK платформасында топ құрды, онда олар бірлескен жобаларымен және сабақ барысындағы фотосуреттермен бөлісті.

Деректерді талдау процесі білім алушылардың шетел тілін үйренудегі лингвомәдени құзыреттіліктерін терең зерттеуге, үйдегі интернационалдандырудан алған құнды тәжірибелерімен бөлісуге көмектесті. Қол жеткізген нәтижелер шет тілін оқыту тәсілдерін жетілдіруге және білім алушылардың тілдік және мәдени құзыреттіліктерін дамытуға одан әрі талқылаулар, ұсыныстар мен қорытындылар үшін негіз болды.

Зерттеу нәтижелері

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті Қазақстандағы жоғары оқу орындарының арасында алғашқылардың бірі болып COIL платформасына тіркелді және оқу үдерісінде үйдегі интернационалдандыруды жүзеге асыра бастады. Үйдегі интернационалдандыру Қазақстанда бұрынсоңды жүзеге асырылмағандықтан, үйдегі интернационалдандыру ұғымы білім алушыларға таныс емес екендігін және бұрын ешқашан қолданылмағанын анықтадық.

Қатысушылармен жүргізілген сұхбаттардың нәтижелері үйдегі интернационалдандыру бағдарламасының негізінде білім алушылардың лингвомәдени құзыреттіліктеріне қатысты әртүрлі ой-пікірлерін түсінуге көмектесті.

Қатысушылар жоғары оқу орындарындағы «үйдегі интернационалдандыру» және «лингвомәдени құзыреттілік» сияқты негізгі ұғымдар бойынша өз түсініктері мен көзқарастарын ұсынды. Қазақстан және Ресей білім алушылары өздерінің алған білім тәжірибелері аясында бұл ұғымдардың маңыздылығын атап өтті және олардың зор үлесі туралы тұжырымдарымен бөлісті.

- *«Менің түсінігім бойынша, «үйдегі интернационалдандыру» – білім алушылар шетелге шықпастан әртүрлі мәдениеттер, тілдер мен дәстүрлер туралы кеңірек түсінікті дамытатын көпмәдениетті оқыту ортасын құруға бағытталған. Менің оқу тәжірибемде бұл тұжырымдама өте құнды болды, өйткені менің мәдени хабардарлығымды арттырды және лингвомәдени құзыреттілігімді дамытты».*

Интервью барысында үйдегі интернационалдандыруды жүзеге асыру кезінде жоғары оқу орындарында кездесетін негізгі кедергілер мен қиындықтар анықталды. Қатысушылар шектеулі ресурстар, институционалдық қолдаудың аздығы және мағыналы мәдениетаралық өзара әрекеттесулерді құрудағы қиындықтар сияқты мәселелерді айқындай отырып, өз бақылауларымен және тәжірибелерімен бөлісті.

- *«Менің ойымша, университеттер үйдегі интернационалдандыруды жүзеге асыруға бағытталғанда бірнеше негізгі кедергілер мен қиындықтарға тап болады. Маңызды мәселелердің бірі – ресурстардың шектеулі болуы. Мәдени іс-шараларды, тілдік курстады және халықаралық ынтымақтастық сияқты әртүрлі іс-шараларды ұйымдастыру үшін тиісті қаржыландыру мен қолдауды қажет етеді».*

Интервью білім алушылардың лингвомәдени құзыреттіліктерін дамытуда үйдегі интернационалдандырудың тиімділігін бағалауға бағытталған. Бірлескен сабақтар мен мәдениетаралық қарым-қатынастардың білім алушылардың тілдік және мәдени дағдыларына жақсы әсер етіп, оң нәтиже бергендігін қатысушылардың кері байланысынан байқалады.

- *«Алғашында мен өз ой-пікірімді ағылшынша айтуға ұялдым, мені дұрыс түсінбейді деп қорықтым. Бірақ біз VK платформасы арқылы аудиториядан тыс жақынырақ байланыса бастадық».*

Сонымен қатар, сабақта біз өз пікірімізді ортаға салып, әртүрлі тақырыптарды еркін талқыладық. Курс маған басқа мәдениет өкілдерімен қарым-қатынаста сенімдірек болуға көмектесті».

- «Үйдегі интернационалдандыру бағдарламасы негізінде құрылған сабақ барысында менде шетелдік білім алушылармен ағылшын тілін үйренудің құнды мүмкіндігі болды. Олар мені сабақта көбірек сөйлеуге ынталандырды. Бұл менің ағылшын тілінде еркін сөйлеу қабілетімді арттыруға көмектесті».

Қатысушылардан алынған сұхбаттан үйдегі интернационалдандырудың әлеуетін көреміз. Қол жеткізген нәтижелер білім алушылардың лингвомәдени құзыреттіліктерін арттыру үшін қиындықтарды шешудің, тиімді стратегияларды жүзеге асырудың және қолайлы орта құрудың маңыздылығын айқындайды. Бұл нәтижелер интернационалдандыруды тиімді жүзеге асыруға арналған практикалық ұсыныстар беріп, осы саладағы зерттеулерді толықтыруға үлес қосады.

Талқылау

Жоғарыда атап өткеніміздей, үйдегі интернационалдандыру жоғары білім беру саласында өзекті тақырып болып табылады. Үйдегі интернационалдандыру ұғымы жоғары білім берудегі жаңа бағыт және мәдениетаралық тәжірибені дамытудың пайдалы құралы ретінде маңыздылығы артып келеді.

Біздің қорытындыларымыз Финляндияның Білім және мәдениет министрлігінің соңғы зерттеулеріне, сондай-ақ Мальмё жағдайына ұқсас, яғни үйдегі интернационалдандыру жоғары оқу орындарының білім алушылары мен ғалымдары үшін әлі де бейтаныс түсінік болып табылады [15- 16].

Үйдегі интернационалдандыру коронавирус пандемиясынан кейін кең қолданыла бастады. Университет оқытушыларына дәстүрлі оқыту әдістемелерін цифрландыруға негізделген оқытудың басқа құралдарын қарастыруға тура келді. Мысалы, оқытудың дәстүрлі әдістеріне қарағанда жаңа әдістерді қолдануға және ескірген үлгілерді, жартылай болса да, ауыстыруға мәжбүр етті. Үйдегі интернационалдандыру жаңа концепция болмаса да, соңғы уақытта әсіресе коронавирус пандемиясынан туындаған жаһандық өзгерістерден кейін, стратегиялық мәнге ие болды.

Орыс ғалымы В.Воробьев «лингвомәдениеттану» және «лингвомәдени құзыреттілік» терминдерін енгізіп, мәдени құндылықтардың тілге тікелей қатысы бар нақты аспектілерін зерттеуді ұсынады. Ол «лингвомәдени құзыреттілік» ұғымын «белгілі бір ұлттық тілде жинақталған мәдениет туралы білімдер жүйесі» деп анықтайды [17, 68 б.]. Лингвомәдени құзыреттілік коммуникативтік құзыреттіліктің негізгі құрамдас бөліктерінің бірі болып табылады, оны қалыптастыру қазіргі кезеңде шет тілдерін оқытудың басты мақсаты. К.Ризагер лингвокультурологияны тіл мен мәдениетті оқытудағы негізгі ұғым ретінде қабылдайды. Ол жаһандану заманында тіл мен мәдениеттің өзара байланысы туралы жаңаша түсінік қалыптастыруда лингвокультурология концепциясын өте пайдалы деп есептейді [18, 192 б.].

Мәдениетаралық құзыреттіліктің мақсатты мәдениетті, сондай-ақ шет тілінде қарым-қатынас жасау үшін қажетті тілдік дағдыларды білуді талап етеді. Тіл мен мәдениет бір-бірімен тығыз байланысты. Білім алушыларға лингвомәдени құзыреттілікті дамытуда үйдегі интернационалдандырудың маңызы зор. Білім алушыларға шетел тілін оқыту үйдегі интернационалдандырудың ажырамас құрамдас бөлігі ретінде қарастырамыз. Сапалық талдау арқылы лингвомәдени құзыреттілікті арттыруда үйдегі интернационалдандыру бағдарламасы тиімді екені анықталды. Біз лингвистикалық және мәдени тәжірибеге баса назар аударатын лингвомәдени алмасу бағдарламасын жасадық. Мәдени ортасы әртүрлі екі университеттің білім алушыларына цифрлық құралдарды пайдалана отырып, сабақ барысында және сабақтан тыс жерлерде талқылау үшін тақырыптар берілді. Біздің зерттеуімізде бұл іс-шаралар екі топты байланыстыратын көпір рөлін атқарды, бұл білім алушыларға өздерінің және басқалардың мәдени нормалары мен құндылықтарын жан-жақты зерделеу үшін қауіпсіз мәдени кеңістік болды.

Қазақстан мен серіктес университеттің білім беру жүйесіне енгізілген «Шетел тілі: екі шет тілі» мамандығының 3 курс білім алушыларына арналған екіжақты силлабусы COIL курсы әзірленді. С.Поромид атап өткендей, мәдениетаралық өзара әрекеттестікке бағытталған оқу бағдарламасы негізінде шет тілдері бойынша білім беру күн тәртібіндегі интернационалдандыруды жүзеге асыруда маңызды рөл атқарады [19, 65 б.].

Оқыту нәтижелеріне келетін болсақ, біздің зерттеуіміз білім алушылардың лингвомәдени танымының жоғарлағанын және олар жаңа біліммен толыққанын көрсетті. Сапалық зерттеу нәтижелері лингвомәдени құзыреттілікті дамытуда мәдениетаралық өзара әрекеттестік пен мәдени хабардарлықтың маңыздылығын айқындап, қатысушылардың қабылдауын тереңірек түсінуге мүмкіндік берді. Әртүрлі мәдениеттермен байланыс, шетел тілінде өзара тілдесу білім алушылардың лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыруда маңызды рөл атқаратынын көреміз.

Сонымен қатар, үйдегі интернационалдандыруды жүзеге асыруда кедергілер мен қиындықтар болатыны зерттеу нәтижесінде анықталды. Алғашқы кезеңде білім алушылар шетелдік құрдастарымен қарым-қатынас жасауда өздерін еркін сезінбегенін интервью барысында баяндады. Бұл оқытушыларымызға бастапқыда қиындық туғызды. Ресурстардың шектеулілігі және білім алушылардың басқа мәдени ортада ыңғайсыздық танытуы сияқты анықталған кедергілер мен қиындықтар осы бағытта жүргізілген ғылыми зерттеулер нәтижелеріне сәйкес келеді. Осы сала бойынша басқа

ғалымдардың еңбектерінде де оқытушылар мен білім алушылардың онлайн форматқа бейімделуі, тілдік кедергі, уақыт белдеуі мәселесі, ресурстардың жетіспеушілігі, қолдау мен даярлықтың жоқтығы және т.б. сияқты қиындықтар мен кедергілер атап көрсетілген [20-21].

Мәдениеттер арасындағы диалог пен түсіністікті дамыту үшін үйдегі интернационалдандыру бағдарламасын жүзеге асыру және түсіндіру мақсатында әкімшілік қызметкерлерге, оқытушыларға және білім алушыларға оқу сабақтарын өткізуді ұсынамыз.

Тоғыз университеттің білім алушыларын қамтыған кешенді зерттеу көрсеткендей үйдегі интернационалдандыру арқылы білім алған білім алушылардың шетелге барып оқығандармен салыстырғанда жаһандық, мәдениетаралық құзыреттіліктері жоғары деңгей көрсеткенін атап өткен. Сол себептен, авторлар үйдегі интернационалдандыру ресми шетелде оқумен тең, тіпті одан да тиімдірек деген қорытындыға келген [22].

Жоғарыда көрсетілген барлық негіздемелер үйдегі интернационалдандыру идеясын дамытудың пайдалы екенін дәлелдейді. Үйдегі интернационалдандыру – шет тілін оқитын білім алушылардың негізгі құзыреттіліктерін дамытудың тиімді құралы және шетелге шығуға мүмкіндігі жоқ жергілікті білім алушыларға халықаралық оқу тәжірибесін бере алатын балама стратегия деп есептейміз.

Қорытынды

Зерттеу нәтижелері бірлескен онлайн сабақтар білім алушылардың лингвомәдени құзыреттіліктерін дамытуға оң әсерін бергенін және үйдегі интернационалдандырудың педагогикалық тиімді тәсіл ретінде әлеуетін көрсетті. Сонымен қатар, зерттеу барысында анықталған кедергілер мен қиындықтар елімізде интернационалдандыруды сәтті жүзеге асыруды қамтамасыз ету үшін оқытушылар құрамының біліктілігін арттырудың, институционалдық қолдаудың және ресурстардың қажеттіліктерін көрсетеді. Қатысушылардың ұсыныстары үйдегі интернационалдандыруды жүзеге асыруды жақсартуға ұмтылатын жоғары оқу орындары үшін құнды ақпарат болатыны сөзсіз. Университеттер білім алушылардың тілдік және мәдени дағдыларын арттыру мақсатында осындай бастамаларды өздерінің оқу бағдарламаларына енгізуге болатынын көреміз. Тұтастай алғанда, сапалық зерттеу нәтижелері лингвомәдени құзыреттілікті дамыту және үйдегі интернационалдандыруды жүзеге асыру бойынша ғылыми зерттеулерге өз үлесін қосады, практикалық қорытындылар мен әрі қарай зерттеу жолдарын ұсынады.

Зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, үйдегі интернационалдандыруды енгізуді жақсарту үшін бірнеше ұсыныстар жасауға болады:

- жоғары оқу орындары қажетті ресурстармен және оқытушыларды мәдениетаралық қарым-қатынас әдістемесі бойынша оқытуды қамтамасыз ету;
- білім алушылардың тілдік және мәдени оқу тәжірибесін арттыру үшін шетелдік университеттермен серіктестік орнату.

Бұл мақаладағы зерттеулермен шектелмей алдағы уақытта үйдегі интернационалдандыру арқылы білім алушылардың лингвомәдени құзыреттіліктерін дамытуға ықпал ететін қосымша факторларды: технологияның рөлін, мәдениетаралық қарым-қатынас дағдыларын және ұзақ мерзімді нәтижелерді қарастыруға болады. Сонымен қатар, әртүрлі білім беру кеңістігі мен білім алушылар контингенті бойынша салыстырмалы зерттеулер үйдегі интернационалдандырудың тиімділігі туралы кеңірек түсінік бере алады.

Қорытындылай келе, бұл зерттеу бірлескен онлайн сабақтар білім алушылардың тілдік және мәдени дағдыларына оң әсерін тигізген эмпирикалық дәлелдерді ұсыну арқылы лингвомәдени құзыреттілік және үйдегі интернационалдандыру бойынша зерделенген ғылыми еңбектерге өз үлесін қосады. Жоғары оқу орындары осы зерттеу нәтижесі бойынша жасалынған ұныстарды қолдану арқылы үйдегі интернационалдандыруды жүзеге асыруды жақсарту алады, жаһандану үдерісінде білім алушылардың тілдік және мәдени дамуына ықпал ете алады.

Қаржыландыру

Бұл мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті тарапынан (AP14872046 «Қазақстандағы жоғары білім беруді интернационалдандыру негізінде білім алушылардың лингвомәдени құзыреттіліктерін дамыту» гранттық жобасы) қаржыландырылған.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1 **Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы** [Текст] / Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысы [Электрондық ресурс]: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000248> (жүгінген күні 04.07.2024ж.).

2 **Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі жоғары білім беруді интернационалдандыру стратегиясы** [Электрондық ресурс]: https://enic-kazakhstan.edu.kz/reference_information/documents (жүгінген күні 04.07.2024ж.).

3 **Knight, J. Internationalisation: Key concepts and elements** [Text] / J. Knight // In Internationalisation of European Higher Education: An EUA/ACA Handbook. Raabe Academic Publishers. – 2008.

4 De Wit, H., & Altbach, P. G. **70 years of internationalization in tertiary education: Changes, challenges and perspectives** [Text] / H. de Wit, P.G. Altbach // In Springer eBooks. – 2021. – pp. 119–125.

5 De Wit, H., Hunter, F., Egron-Polak, E., & Howard, L. **Internationalisation of higher education: A study for the European parliament**, available at: [http://www.europarl.europa.eu/RegData/etudes/STUD/2015/540370/IPOL_STU\(2015\)540370_EN.pdf](http://www.europarl.europa.eu/RegData/etudes/STUD/2015/540370/IPOL_STU(2015)540370_EN.pdf) (жүгінген күні 04.07.2024ж.).

6 Teekens, H. **Internationalization at home – Crossing other borders** [Text] / H. Teekens // University world News, 2013. Accessed on July 1st, 2018.

7 Harrison, N. **Global activists, global workers or home aloners: Understanding the challenges of internationalisation at home when creating global citizens.** [Text] / N. Harrison // In S. Kirk, C. Newstead, R. Gann, & C. Rounsaville (Eds.), *Internationalising the curriculum: Internationalisation at home and engaging academic staff* (pp. 9–21). Nottingham: Trent Institute for Learning and Teaching – 2016.

8 Jiménez, A.A., Hernández, Y.G. **Internationalization at Home and the Development of the Linguistic Skills of Written Expression and Reading Comprehension in Foreign Language Teaching** [Text] / A. Jiménez, Y.G. Hernández // *European Journal of Language and Literature Studies*. – 7(1), 37. – 2021.

9 Knight, J. **Internationalization of higher education: New directions, new challenges** [Text] / J. Knight // 2005 IAU Global Survey Report – 2006.

10 Кенджаева Б. **Жоғары оқу орнында студенттердің құзырлығын қалыптастыру мәселелері** [Мәтін] / Б. Кенджаева // Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ Хабаршысы. – Түркістан, 2009. – №2(67). – Б. 265-270.

11 Sercu, L. **Internationalization at home as a factor affecting intercultural competence. A study among Belgian university students** [Text] / L. Sercu // *European Journal of Higher Education*. – 13(4) – 2022. – pp. 536–557.

12 Chen, S. **Facilitating the development of intercultural competence via virtual internationalization** [Text] / S. Chen // *Frontiers in Communication*. – 2022.

13 Hackett, S., Janssen, J., Beach, P., Perreault, M., Beelen, J., & Van Tartwijk, J. **The effectiveness of collaborative online international learning (COIL) on intercultural competence development in higher education** [Text] / S. Hackett, J. Janssen, P. Beach, M. Perreault, J. Beelen & J. Van Tartwijk // *International Journal of Educational Technology in Higher Education*. – 20(1). – 2023.

14 Simões, A.V.; Sangiamchit, C. **Internationalization at Home: Enhancing Global Competencies in the EFL Classroom through International Online Collaboration** [Text] / A.V. Simões, C. Sangiamchit // *Educ. Sci.* – 13. – 2023.

15 Weimer, L., Hoffman, D., & Silvonen, A. **Internationalisation at home in Finnish higher education institutions and research institutes** [Text] / L. Weimer, D. Hoffman, A. Silvonen // Helsinki Ministry of Education and Culture. – 2019.

16 Nilsson, B. **Internationalisation at home from a Swedish perspective: The case of Malmö** [Text] / B. Nilsson // *Journal of Studies in International Education*. – 7(1). – 2003. – pp. 27–40.

17 Воробьев В.В. **Лингвокультурология** [Текст] / В.В. Воробьев – М. : Изд-во РУДН, 2008. – 340 с.

18 Risager, K. **Languaculture as a key concept in language and culture teaching** [Text] / B. Preisler, A. Fabricius, H. Haberland, S. Kjaerbeck, & K. Risager // *The Consequences of Mobility*. Roskilde University. – 2006. – pp. 185–196.

19 Pouromid, S. **Towards multimodal interactions in the multilingual EFL classroom: Lessons from a COIL experience** [Text] / S. Pouromid // *Indonesian Journal of Applied Linguistics*. – 8(3) – 2019.

20 Li, J., & Xue, E. **New directions towards internationalization of higher education in China during post-COVID 19: A systematic literature review** [Text] / J. Li, E. Xue // *Educational Philosophy and Theory*. – 54(6). – 2021. – pp. 812–821.

21 Slotte, S., & Stadius, A. **Internationalisation at home: The road to success** [Text] / S. Slotte, A. Stadius // *Internationalisation and Higher Education: a Strategic Perspective*. – 2019.

22 Soria, K. M., & Troisi, J. **Internationalization at home alternatives to study abroad: Implications for students' development of global, international, and intercultural competencies** / K. M. Soria, J. Troisi // *Journal of Studies in International Education*. – 18(3). – 2014. – pp. 261–280.

REFERENCES:

1 **Kazakstan Respublikasynda zhogary bilimdi zhane gylymdy damytudyn 2023 – 2029 zhyldarga arналган tuzhyrymdamasy** [Concept for the development of higher education and science in the Republic of Kazakhstan for 2023-2029]. Kazakstan Respublikasy Ukimetinin 2023 zhylygy 28 nauryzdagy № 248 kaulysy, available at: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000248> (Accessed 04 July 2024). (In Kazakh).

2 **Kazakstan Respublikasynyn 2025 zhylyga dejingi zhogary bilim berudi internacionaldandyru strategiyasy** [Strategy of internationalization of higher education of the Republic of Kazakhstan until 2025].

Available at: https://enic-kazakhstan.edu.kz/reference_information/documents (Accessed 04 July 2024). (In Kazakh).

3 Knight, J. **Internationalisation: Key concepts and elements**. Internationalisation of European Higher Education: An EUA/ACA Handbook. Raabe Academic Publishers, 2008.

4 De Wit H., Altbach P.G. **70 years of internationalization in tertiary education: Changes, challenges and perspectives**. In Springer eBooks, 2021, pp. 119–125.

5 De Wit H., Hunter F., Egron-Polak E., Howard L. **Internationalisation of higher education: A study for the European parliament**, available at: [http://www.europarl.europa.eu/RegData/etudes/STUD/2015/540370/IPOL_STU\(2015\)540370_EN.pdf](http://www.europarl.europa.eu/RegData/etudes/STUD/2015/540370/IPOL_STU(2015)540370_EN.pdf) (Accessed 04 July 2024).

6 Teekens H. **Internationalization at home – Crossing other borders**. University world News, 2013, (accessed 1 July 2024).

7 Harrison N. **Global activists, global workers or home aloners: Understanding the challenges of internationalisation at home when creating global citizens**. Internationalising the curriculum: Internationalisation at home and engaging academic staff, Nottingham, Trent Institute for Learning and Teaching, 2016, pp. 9–21.

8 Jiménez A.A., Hernández Y.G. **Internationalization at Home and the Development of the Linguistic Skills of Written Expression and Reading Comprehension in Foreign Language Teaching** European Journal of Language and Literature Studies, 2021, 7(1), 37.

9 Knight J. **Internationalization of higher education: New directions, new challenges**. 2005 IAU Global Survey Report, 2006.

10 Kendzhaeva B. **Zhogary oku ornynda ctudentterdiң kuzyrlygyn kalyptactyru maseleleri** [Formation problems of students' competence in higher educational institutions]. *K.A. Yasauı atyndagy HKTU Habarshygy*, 2009, no.2 (67), pp. 265–270. (In Kazakh).

11 Sercu L. **Internationalization at home as a factor affecting intercultural competence. A study among Belgian university students**. *European Journal of Higher Education*, 13(4), 2022, pp. 536–557.

12 Chen S. **Facilitating the development of intercultural competence via virtual internationalization**. *Frontiers in Communication*, 2022.

13 Hackett S., Janssen J., Beach P., Perreault M., Beelen J., Van Tartwijk J. **The effectiveness of collaborative online international learning (COIL) on intercultural competence development in higher education**. *International Journal of Educational Technology in Higher Education*, 20(1), 2023.

14 Simões A.V., Sangiamchit C. **Internationalization at Home: Enhancing Global Competencies in the EFL Classroom through International Online Collaboration**. *Educ. Sci.*, 2023, 13.

15 Weimer L., Hoffman D., Silvonon A. **Internationalisation at home in Finnish higher education institutions and research institutes**. *Helsinki Ministry of Education and Culture*, 2019.

16 Nilsson B. **Internationalisation at home from a Swedish perspective: The case of Malmö**. *Journal of Studies in International Education*, 2003, 7(1), pp. 27–40.

17 Vorobev V.V. **Lingvokul'turologiya** [Linguocultural studies]. Izd-vo RUDN, 2008, 340 p. (In Russian)

18 Risager K. **Languaculture as a key concept in language and culture teaching**. The Consequences of Mobility. Roskilde University, 2006, pp. 185–196.

19 Pouromid S. **Towards multimodal interactions in the multilingual EFL classroom: Lessons from a COIL experience**. *Indonesian Journal of Applied Linguistics*, 2019, 8(3).

20 Li J., Xue E. **New directions towards internationalization of higher education in China during post-COVID 19: A systematic literature review**. *Educational Philosophy and Theory*, 2021, 54(6), pp. 812–821.

21 Slotte S., Stadius A. **Internationalisation at home: The road to success**. Internationalisation and Higher Education: a Strategic Perspective, 2019.

22 Soria K. M., Troisi J. **Internationalization at home alternatives to study abroad: Implications for students' development of global, international, and intercultural competencies**. *Journal of Studies in International Education*, 2014, 18(3), pp. 261–280.

Авторлар туралы мәліметтер:

Каримова Бейбіткүл Сәрсемханқызы – филология ғылымдарының кандидаты, Басқарма Төрағасы – Ректор, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қазақстан Республикасы, Қызылорда қ., 120014, Әйтеке би көш., 29А, тел.: 87017278796, e-mail: karimovab72@mail.ru.

Абдрашева Дана Мейрамовна – PhD докторы, Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер бойынша проректор, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қазақстан Республикасы, Қызылорда қ., 120014, Әйтеке би көш., 29А, тел.: 87012082590, e-mail: dana.abdrasheva@alumni.nu.edu.kz.

Макашева Айжан Прмаганбетовна* – педагогика ғылымдарының кандидаты, «Шетел тілдері және аударма» кафедрасының аға оқытушысы, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті,

Қазақстан Республикасы, Қызылорда қ., 120014, Әйтеке би көш., 29А, тел.: 87051666252, e-mail: aizhan_mak@mail.ru.

Нурланбекова Ериякул Кашкынбековна – педагогика ғылымдарының кандидаты, «Шетел тілдері және аударма» кафедрасының аға оқытушысы, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қазақстан Республикасы, Қызылорда қ., 120014, Әйтеке би көш., 29А, тел.: 87772487073, e-mail: nur.eriya@mail.ru.

Каримова Бейбиткуль Сарсемхановна – кандидат филологических наук, Председатель Правления – Ректор, Кызылординский университет имени Коркыт Ата, Республика Казахстан, г. Кызылорда, 120014, ул. Айтеке би, 29А, тел.: 87017278796, e-mail: karimovab72@mail.ru.

Абдрашева Дана Мейрамовна – PhD, член правления – проректор по академическим вопросам, Кызылординский университет имени Коркыт Ата, Республика Казахстан, г. Кызылорда, ул. Айтеке би, 29А, тел.: 87012082590, e-mail: dana.abdrasheva@alumni.nu.edu.kz.

Макашева Айжан Прмаганбетовна* – кандидат педагогических наук, старший преподаватель кафедры «Иностранные языки и перевод», Кызылординский университет имени Коркыт Ата, Республика Казахстан, г. Кызылорда, ул. Айтеке би, 29А, тел.: 87051666252, e-mail: aizhan_mak@mail.ru.

Нурланбекова Ериякул Кашкынбековна – кандидат педагогических наук, старший преподаватель кафедры «Иностранные языки и перевод», Кызылординский университет имени Коркыт Ата, Республика Казахстан, г. Кызылорда, ул. Айтеке би, 29А, тел.: 87772487073, e-mail: nur.eriya@mail.ru.

Karimova Beibitkul Sarsemkanovna – Candidate of Philological Sciences, Chairman of the Board – President of the Korkyt Ata Kyzylorda University, Republic of Kazakhstan, Kyzylorda, 29A Aiteke bi Str., tel.: 87017278796, e-mail: karimovab72@mail.ru.

Abdrasheva Dana Meiramovna – PhD, Board member – Vice-Rector for Academic Affairs of the Korkyt Ata Kyzylorda University, Republic of Kazakhstan, Kyzylorda, 29A Aiteke bi Str., tel.: 87012082590, e-mail: dana.abdrasheva@alumni.nu.edu.kz.

Makasheva Aizhan Prmaganbetovna* – Candidate of Pedagogical Sciences, Senior Lecturer of the Foreign languages and translation department, Korkyt Ata Kyzylorda University, Republic of Kazakhstan, Kyzylorda, 29A Aiteke bi Str., tel.: 87051666252, e-mail: aizhan_mak@mail.ru.

Nurlanbekova Yeriyaikul Kashkynbekovna – Candidate of Pedagogical Sciences, Senior Lecturer of Foreign languages and translation department, Korkyt Ata Kyzylorda University, Republic of Kazakhstan, Kyzylorda, 29A Aiteke bi Str., tel.: 87772487073, e-mail: nur.eriya@mail.ru.

МРНТИ 14.35.07

УДК 378.2

https://doi.org/10.52269/22266070_2024_3_226

ГОТОВНОСТЬ СПЕЦИАЛЬНЫХ ПЕДАГОГОВ КАК ОСНОВНОЙ ФАКТОР УСПЕШНОСТИ ИНКЛЮЗИВНОГО ПРОЦЕССА В ОБРАЗОВАНИИ

Мовкебаева З.А. – доктор педагогических наук, профессор–исследователь, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Республика Казахстан.

Дюсенбаева Б.А.* – доктор философии PhD, доцент, Северо-Казахстанский университет имени М.Козыбаева, г. Петропавловск, Республика Казахстан.

В статье рассматриваются вопросы модернизации подготовки специальных педагогов для работы в условиях инклюзивного образования. Широкое распространение инклюзивного образования обусловило необходимость переориентирования традиционной дефектоориентированной подготовки на предстоящую профессиональную деятельность в общеобразовательных детских садах и школах в качестве главного специалиста, организующего психолого-педагогическое сопровождение детей с ограниченными возможностями и ответственного за их интеграцию в среду нормально развивающихся сверстников. Авторами анализируются зарубежные и отечественные научные подходы к определению профессиональных компетенции специального педагога для работы в условиях инклюзивного образования. Авторами доказывается необходимость совершенствования компетенций специальных педагогов в условиях образовательного инклюзивного процесса. Развитие у педагогов инклюзивно ориентированных профессиональных и личностных компетенций в значительной степени зависит успешность включения детей с особыми образовательными потребностями в общеобразовательный педагогический процесс. На основании проведенного эмпирического исследования разработаны и предложены некоторые педагогические